

АНТРОПОНИМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ТҮРКІЛІК ДӘСТҮР КӨРІНІСІ

Түзелбек Нұрай

nuray.tuzelbek@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 3-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мұсабекова Ү.Ә.

Ат қою, әсіресе ұрпаққа жарасымды есім беру – ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ізі суымаған жалпы халықтың игі дәстүрі. Балаларға бүгінгі жарқын өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою халық діттеп отырған мүдделі де маңызды мәселенің бірі болып саналады. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үшін қарт шежіре сияқты ұрпаққа жеткізіп отырады.

Кісі есімдерінің шығу, қойылу тарихы өте көне замандарға, алғашқы рулық қоғамға барып тіреледі. Әуелде ру, тайпа аттарының, содан кейін кісі аттарын шыққаны күні бүгінде ғылымда белгілі болып отыр.

Кейіннен адамдарды бір-бірінен ажырату үшін арнайы ат беріледі. Ол ат бала туғаннан соң жеті күннен кейін қойылатын. Бастапқы кездегі аттардың ана тіліміздің төл сөздерінен қойылғандығы байқалады. Мысалы: *Бөрібай, Қойлыбай, Жетібай, Алтын, Күміс, Күмісбек, Бектай, Барыс, Құтжан, Темірбек, Күнбек* т.б. Байқап отырғанымыздай, бұл есімдердің қойылуынан этномәдени уәж анықталады. Атап айтқанда, ай мен күнге, тау мен өзен, көлге табынып сыйынуға сәйкес мифтік таным негізінде қалыптасқан есімдер мыналар еді: *Айсұлу, Айхан, Айдай, Күнай, Күнбек, Айкүн, Таутай, Таубай, Көлбай, Көлтай, Бөрібай* т.б.

Бұл жайт туралы түрікмен ономастикасын зерттеуші З.Б.Мұхаммедова: «древнейшими, на наш взгляд, следует считать имена, восходящие к названиям атмосферных осадков, солнце, луны, растений, и животных» деп жазса [1,45] өзбек антропонимикасы туралы Э.Бегметов: «Имена, *Тангриберген, Тангриберди, Тангриқұл, Қуанышбек, Ойзада, Ойкон* связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств», - дейді [2, 18 б.].

Профессор С.Аманжоловтың мақаласы кісі аттарының сөздік қорға тәндігі, жеке зерттеу объектісі болатыны және оларды шығу, қойылу ретіне қарай топтастыру, жіктеу мәселелеріне арналған.

Бұл мәселенің нақты дәйектелген тұжырымын ғалым мақаласында былайша түйеді: «... жер мен су аттарын алсақ та, кісі аттарын алсақ та, олардың жасалуында белгілі бір заңдылықтың барын байқаймыз. Мұндағы кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетіні көрінеді. Тоғыз жол дегендеріміздің бірі – адамзаттың жақсы өмір сүргісі келуіне байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін ата-анаға өз баласына ең жақсы, ең белгілі, атақты адам сол діннің бастықтары, я сол дін үшін күрескендер болып көрінеді. Мысалы, ислам дінін қабылдаған жұрт үшін қадірлі, атақты адам сол дін үшін күрескендер болып көрінеді. Сондықтан мұсылман діндегілердің аты бірде таза *Мұхамед, Ғали, Омар, Осман, Ахмет, Садық* болып келеді (*Мұхамедсадық, Сапарғали, Қожасмет*, т.б.)».

Халықтық танымның ең асқан көрінісі шын мәнінде, адамдардың есімдері, олардың қойылу тарихы. Сондықтан да сәбиге атты сол әулеттегі үлкен не болмаса аса беделді адамдарға қойдырудың себебі де этникалық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың айғағы. «Тоғыз

жолдың үшіншісі – баланың мінез-құлқы жақсы болуын тілеуден туатын аттар. Мысалы, жібектей болсын десе, қыздың атын *Жібек* қояды. Жомарт болсын десе, баласына *Жомарт* я *Мырза* деген ат қояды...» [3, 325].

Жоғарыда айтылып кеткендей, жаңа туған балаға ат қоюда ерте кездің өзінен-ақ ырым мен әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Ал, ырым мен әдет-ғұрып Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей, салт-санаға тән [4,17]. Мысалы, ұлы жоқ отбасында дүниеге қыз келетін болса, ол қызға *Ұлтуған* немесе *Ұлбосын* деп «кейінгі бала ұл болса» деген ырым-сеніммен ат қояды.

Әлем халықтарының көпшілігінде, оның ішінде қазақ тілінде де жалқы есімдердің көбі табуға айналған. Академик А.Н.Самойлович өткен ғасырдың бас кезінде-ақ бұл проблеманың әлеуметтік, этномәдени аспектісіне мән беріп, түркітанудың өзекті мәселелерінің бірі ретінде мән берген: «Чтобы исследователи разных тюркских народов обратили особое внимание на личные имена, о том, что следовало бы составлять полные алфавитные списки личных имен, как мужских, так и женских, по отдельным народам и племенам с подробными указаниями, в каких случаях, в какую историческую эпоху, кому и почему давалось то или иное имя, что в последствии позволило бы произвести весьма интересные в культурно-историческом отношении сравнительное исследование личных имен всех тюркоязычных народов» [5, 299].

Ш.Саадиевтің айтуы бойынша, әзірбайжандарда күні бүгінге дейін шын аттарды жасырып, басқаша атау дәстүрі сақталып келеді. Түркіменстанда «әр баланың чын ады – шын аты және ямен ады» жасырын аты бар. Сібірдің солтүстігінде ер адамдарда екі ат болады: бірі – ресми есімі, ал екіншісі –күнделікті қолданыстағы ат болып саналған [6, 185].

Қазақ антропонимісі Т.Жанұзақов былай дейді: «Запрет некоторых слов (табу) имел свое влияние и в сфере лично- собственных имен. Казахские замужние женщины давали свои имена «төрем, шырақ, жарқын, тетелес, мырзажігіт, шырайлым, бикеш» и др. [7, 56].

Оңтүстік Сібірдегі түркілердің дәстүрлі дүниетанымын А.Самойловичтен кейінгі зерттеушілер күйеуі мен оның туыстарының атын айтуға тыйым салыну некелік қарым-қатынастың сипатына байланысты деп есептейді. Әйел басқа тектен (рудан) болғандықтан, күйеуінің жағынан бірқатар тыйымдар салынған: «большинство запретов, которыми было окружено ее поведение во время сватовства и свадьбы, постепенно снимались, но оставался минимум символов, который на протяжении всей ее жизни на земле мужа подчеркивал особый статус женщины - пришелицы, единственного существа «со стороны», находившегося в роде. Она не имела права произносить в слух имена своих старших родственников. Для нее их имен словно бы не существовало, равно как имена мужа.

Қырғыз есімдерін зерттеген А.Идрисовтың «қырғыз тилиндеги ысымдар» еңбегінде антропонимдердің қалыптасу кезеңдері қоғамның тарихи-экономикалық даму кезеңдеріне сәйкес анықталды: алтай дәуіріне дейінгі ежелгі кезеңде құстармен, географиялық атаулармен байланысты антропонимдер; хун дәуірінде қалыптасқан антропонимдер (б.э.д. II, III-VI б.ғ.) Мал жануар, құс, өсімдік, жәндік, аспан денелері т.б. байланысты аттар; көне түркі кезең (V-Xғ.) Ескі түркі ескерткіштеріндегі антропонимдер – *чур*, *барс*, *шумкар*, *арстан* т.б.; ортағасырлық кезеңдегі (X-XV ғғ.) аттарға араб есімдері қосылады. жаңатүркі кезеңде (XV-XX ғғ.) Бұрынғы есімдерге ескіеврей (библиялық) араб, парсы аттары; Кеңес дәуірі кезеңіндегі есімдер революционерлер, әдеби кейіпкерлер, мемлекеттік ресми тұлғалар атауларымен сипатталған.

Сонымен бірге Г.Ф. Саттаровтың мақаласында татар тілінің антропонимиясының ежелгі қабаты көне түркі және ежелгі бұлғар кезеңіне қатысты анықталып, ежелгі түркілердің наным-сенімдеріне сәйкес - аспанға табиғатқа табынуды сипаттайтын есімдерімен көрсетіледі: *таштемур*, *бикташ*, *тәңгеребирде*, *кугәй*, (*кук+ай*), *айсылу*, *чулпан* т.б.

Академик В.А.Гордлевскийдің түркі антропонимдер жүйесінің түркі қабатын мұсылмандыққа дейінгі деп анықтауы көптеген түркі тілдері бойынша антропонимист

ғалымдардың пікірлерінде қолдау тауып жалғасты. Нақты айтқанда, осы зерттеулердің нәтижесінде танымдық, мифотанымдық сипаттама космонимдік лақап аттардың т.б. Негізі осы қабатқа тән.

Түркімен ономастикасын зерттеуші З.Б.Мұхаммедова: «Древнейшими, на наш взгляд, следует считать имена, восходящие к названиям атмосферных осадков, солнце, луны, растений, и животных» деп жазады. Сонда ежелгі антропонимдер ретінде күн райы, ай мен күн, жұлдыз, өсімдік, хайуанатарға байланысты қалыптасқан есімдер көрсетіледі: *Ягмур* (жаңбыр) – бір түркіменнің қолбасшысының аты.

Өзбек антропонимикасы туралы Э.Бегметов: «Имена, *Тангриберген, Тангриберди, Тангриқұл, Қуанышбек, Ойзада, Ойкон* связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств», - дейді [8,18].

Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағұлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Жалпы қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімге өте бай халық. Діни наным-сенімдерге байланысты: ұшықтау, садақа беру, бата беру, дұға қылу т.б. Қонақ күтуге байланысты әдет-ғұрыптар: қолға су құю, қонақты төрге шығару, қонаққа мал сою, қол салу т.б. тәрізді болып келеді. Бұл халықтың қонақ жайлығын көрсетеді. Тұрмыс құруға, үйленуге байланысты: құда болу, қыз көру, қыз айттыру, құда түсу, қалың мал төлеу, келін түсіру, беташар, қыз ұзату т.б. лингвомәдени бірліктер қолданылған. Салт-дәстүрлердің озық үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа көшіп біздің дәуірімізге жетеді. Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Демек, әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын таңбалардың бірі ұлттық есімдер, зерттеуші Б. Тілеубердиевтің атап көрсеткеніндей, «ұлттық мәдениет ерекшеліктерін білдіреді. Мұндағы бір есімдерде ұлттық-тарихи болмысы айқын көрінсе, ал басқаларында оның қарқыны нашар болады. Алайда, оны жасаған немесе қолданушы халықтың мәдениетімен байланысы жоқ есім табыла қоймайды. Ұлттық есімдерде мейлі антропоним, топоним, зоонимдер болсын, олардың бойында алуан түрлі тарихи-мәдени ақпарат қалыптасқан.

Қорыта келгенде, түркі тілдес халықтардың есімдеріндегі өзгешелік, айырмашылық, ұқсастық жағы, біріншіден, территориялық жағынан көршілестігі, екіншіден, тілдердің туыстығы, үшіншіден, олардың шаруашылық жағдайы, тұрмыс-тіршілігіндегі факторлардың басым бағыт алуы. Түркі халықтарының рухани ортақ құндылықтары туралы мәселелерді соза беруге әбден болады. Түркі антропонимдері – көне дәуірлерден этникалық ақпарат жеткізетін тарихи, мәдени және рухани әлеуметтік құбылыс. Осы жүйеге кіретін антропонимдердің этномәдени және тарихи болмысында түрлі этнос және этникалық топтардың тарихи тегі мен жағрафиялық қозғалысы көрініс табады. Яғни, түркі тілдес халықтардың есімдеріндегі өзгешелік, айырмашылық, ұқсастық жағы, біріншіден, территориялық жағынан көршілестігі, екіншіден, тілдердің туыстығы, үшіншіден, олардың шаруашылық жағдайы, тұрмыс-тіршілігіндегі факторлардың басым бағыт алуы. Түркі халықтарының рухани ортақ құндылықтары туралы мәселелерді соза беруге әбден болады. Алайда осы мақсатта келелі істерді күн тәртібіне шығарып, ұлаңғайыр игілікті істер тындыру түркологияға жаңа бағыт пен соңы серпіліс әкелмек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхаммедова З.Б. Исследование по истории туркменского языка. – Ашхабад, 1973. – 112с.
2. Махпиров В.У. Имена далеких предков. – Алматы: Наука, 1997. – 301 с.
3. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Рауан, 2002. – 368б.
4. Саадиев Ш.М. Основные правила выбора имен для новорожденных. – Москва: Наука, 1970. – 200с.
5. Жанузаков Т.Ж. Лично-собственные имена в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1960. – 112с.
6. Самойлович А.Н. Заветные слова в языке казак-киргизской замужней женщины//Живая старина. – Петроград, 1915.
7. Гордлевский В.А. К личной ономастики у османцев. – Москва, 1968.
8. Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка. Ташкент, 1965.